

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2023 жылғы 11 мамырдағы
№ ДС-154 хатқа*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Астана қаласында пара волейболдан өтетін Азия чемпионатына дайындық және ұйымдастыруға қатысты сауалдарыңыз қарап, мынаны хабарлаймын.

Үкімет тарапынан пара волейболды дамыту бойынша, оның ішінде Азия чемпионатын қаржыландыру және өткізу бойынша қажетті шаралар көзделуде.

«Қазақстан пара волейбол федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігімен (бұдан әрі-Федерация) Азия чемпионатын қаржыландыру үшін «Туризм және спорт индустриясын қолдау қоры» корпоративтік қорына 67 млн теңге мөлшерінде бюджеттік өтінім жіберілді.

Сонымен қатар, пара волейболдан Қазақстан ұлттық құрамасы үшін төрт оқу-жаттығу жиынын өткізді, сондай-ақ ағымдағы жылғы маусым айында бір оқу-жаттығу жиынын өткізу, екі халықаралық жарысқа, оның ішінде жоғарыда көрсетілген Азия чемпионатына қатысу жоспарланған.

Үкіметпен 2022-2023 жылдарға арналған республикалық бюджетте пара волейболды дамытуды қамтамасыз етуге 217 млн теңге бөлінген болатын.

Бұл қаржы қаражаты спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесіне сәйкес спорттық іс-шараларды өткізуге, үй-жайларды жалға алуға, спорт ғимараттарына, штаттық ұлттық командалардың еңбегіне ақы төлеуге, спортшылардың тамақтануы мен іссапар шығыстарына, спортшыларды дәрі-дәрмектермен, спорттық жабдықтармен қамтамасыз етуге, спорттық құрал-саймандарды сатып алуға, біржолғы төлемдерге және т.б. шығыстарға да көзделгенін атап өту қажет.

«Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» РМҚК желісі бойынша пара волейболдан ұлттық құраманы спорттық жабдықтармен және мүкәммалмен қамтамасыз ету бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде.

Бұған қоса, Федерация демеушілік қаражатты тарту есебінен қосымша қаржыландыру бойынша жұмысты жүзеге асыруда.

2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджетте дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар арасында спортты дамытуды қамтамасыз ету шеңберінде, оның ішінде «Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған спорттық даярлау орталығы» РМҚК-да 11,5 млрд теңге сомасында қаражат көзделген *(оның ішінде 2023 жылға – 3,9 мың теңге, 2024 жылға – 3,5 мың теңге, 2025 жыл – 4,1 мың теңге)*.

Жалпы, Үкімет елімізде пара волейболды дамыту мәселесін ерекше бақылауда ұстайды және Парламент Мәжілісінің депутаттарымен бірлесіп оны жетілдіру жөнінде сындарлы ұсыныстарды әзірлеуге дайын.

А. Көлгінов

*Орынд.: А. Рахимова
тел.74-53-47*